

Тарбағатай ауданының Көкжыра ауылдық округінің "Жаңаауыл", "Көкжыра" учаскелеріне, Құмкөл ауылдық округінің "Қызылқора" учаскесіне, Ойшілік ауылдық округінің "Жүніс" учаскесіне, Кіндікті ауылдық округінің "Үмбет" учаскесіне және Ақсуат ауылдық округінің "Көкжайдақ" бөлігіне шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 19 қыркүйектегі № 403 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 29 қыркүйекте № 5221 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 28 ақпандағы № 114 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 28.02.2018 № 114 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағы 18) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабы 2-тармағының 9) тармақшасына сәйкес және Тарбағатай ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2017 жылғы 04 шілдедегі № 276, № 279, № 280, 05 шілдедегі № 282, № 283 ұсыныстары негізінде Тарбағатай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тарбағатай ауданының Көкжыра ауылдық округінің "Жаңаауыл", "Көкжыра" учаскелеріне, Құмкөл ауылдық округінің "Қызылқора" учаскесіне, Ойшілік ауылдық округінің "Жүніс" учаскесіне, Кіндікті ауылдық округінің "Үмбет" учаскесіне және Ақсуат ауылдық округіне қарасты Ақсуат ауылының "Көкжайдақ" бөлігінде мүйізді ірі қара және мүйізді ұсақ малдары арасынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Қ. Мауадиновқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Д. Оразбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК